БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 212 (9274) | 1953 жылғы 20 октябрь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Облысымызда ауыл шаруашылығын барлық жағынан өркендете беруге мүмкіншілік жеткілікті. Партия ұйымдарының міндеті—барлық мүмкіншіліктерді толық пайдалану арқылы мал және егін шаруашылығын өркендетуде жаңа табыстарға жетуді, сөйтіп, сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерді бұлжытпай жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

Облыс партия ұйымының айбынды міндеттері

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысының елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте, бұл жолда жаңа табыстарға жете беруде бүкіл халқымыз үшін орасан зор маңызы бар. Демек, бұл қаулы ауыл шаруашылығын жаңа талапқа сай өркендетудің нақтылы программасы болып табылады. Бұл күндері бүкіл еліміздің еңбекшілерімен бірге облысымыздың еңбекшілері де Пленумның қаулысын жүзеге асыру үшін белсене күресуде.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес елімізде мал шаруашылығын өркендету, картоп пен овощ даярлауды ұлғайту, оларды дайындау бағасын арттыру және МТС-тердің жұмысын жақсарту шаралары туралы қаулылар қабылдады.

Біздің облыста ауыл шаруашылығын сентябрь Пленумы қойған талапқа сай өркендетуге толық мүмкіншілік бар. Бұлай дейтініміз, колхоздардың бәрін де МТС-тер қамтиды. Үстіміздегі жылы колхоздардың егін алаңының 99,9 проценті механизация күшімен жұмыстады. Ал, егін жинауда да комбайн паркі шешуші роль атқарды. Сондай-ақ, мал шаруашылығында МТС-тер едәуір жұмыс істеп келеді. Мұның өзі колхозшылардың еңбегін жеңілдетуге, еңбек өнімділігін арттыруға, егін және мал шаруашылығына өнімді мол алуға, колхоздың және колхозшылардың табысын көбейтуге, сөйтіп, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуға, колхозшылардың ауқатты, мәдениетті тұруына толық жағдай жасап отыр.

Бірақ, осыған қарамастан облыста ауылшаруашылық жұмыстарының дәрежесі, егін және мал шаруашылығынан алынып отырған өнім қанағаттанарлық болмай отыр. Сентябрь Пленумының қаулысында көрсетілгендей, біздің облыста да мал шаруашылығы өте-мөте артта қалып келеді. Бұған үстіміздегі жылы облыста мал басын өсіру, оның өнімін дайындау жөніндегі жоспарлардың орындалмай отырғаны толық дәлел. Мал шаруашылығын өркендетуде Булаев, Октябрь, Ленин, Совет, Пресшім аудандары кешіргісіз артта қалып келеді. Бұл аудандардың басшылары мал басын өсіру, әсресе, аналық малды көбейту, мал тұқымын асыландыротпың әрбір тектарынан 170, қиярдың гектарынан 105, капустаның гектарынан 207, помидордың гектарынан 126 центнерден, ал, колхоздың озат звеносы —А. Костелева жолдас басқарған звеносының мүшелері қиярдың гектарынан 304 центнерден өнім алуға жетісті. Аталған колхоздардың колхозшылары бұл табысқа агротехникалық ережелерді бұлжытпай жүзеге асырудың нәтижесінде ие болды.

Егіннен осындай мол өнім алуға облыстың барлық колхоздары мен совхоздарында мүмкіншілік толық бар. Бірақ, не пайда, кейбір аудандардың колхоздары мен совхоздары көктемгі егіске кезінде әзірленбегендіктен егіс мерзімін созады, егінді күту және оны жыйнау жұмыстарын тыңғылықты ұйымдастыра алмайды, сөйтіп, егіннің өнімінің аз болуына, оның үстіне дәннің ысырап болуына жол береді.

Колхоздарда мал және егін шаруашылығын өркендетуде МТС-тер зор роль атқаратыны мәлім. Алайда, МТС басшылары колда бар мол техниканы мал және егін шаруашылығында тиімді пайдаланбай келеді. Егіндік жерлерді жұмыстауда, егісті егуде, егінді күтуде және жыйнауда озат әдістерді қолдану ісіне наша басшылық етеді. Мал шаруашылығында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға жете назар аудармайды. Мұндай әдет Пресное, Октябрь, Конюхов аудандарындағы МТС-терде орын алып отыр. Сондықтан да бұл аудандардың көптеген колхоздары егін және мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда артта қалып келеді.

Облыстың ауыл шаруашылығында осындай елеулі кемшіліктердің орын алуы көп жағдайларда жергілікті партия, совет ұйымдарының колхозларға, МТС-тер мен совхоздарға нақтылы басшылық етпеуінен болып отырғандығын атап айтуымыз керек. Жергілікті партия, совет ұйымдары ауыл шаруашылығының барлық саласын бірдей жедел қарқынмен өркендетуге ауыл шаруашылығы еңбекшілерін тиісті дәрежеде жұмылдыра алмай отыр. Олардың арасында үгіт -бұқаралық жұмысын күшейту, оны өндірістік міндеттермен байланыстыра жүргізу, бұл арқылы ауыл- селода жаппай өрлеу туғызу міндеттерін толық орындамай келеді.

Егіс бригадаларында, фермаларда социалистік жарыстың орындалуы кезінде тексерілмейді, озаттардың тәжрибесін насихаттау, оны кемшіліктің игілігіне айтуларын әзірлеуде. Көзір колонна мүшелері 1955 жылдың есебіне еңбек етіп жүр. Бұл күндері жас кондукторлар қол жеткен табысты баянды ету жолында қызу күрес жүргізуде. Комсомолец, кондукторлар Гончаров, Лошнов, Харченко жолдастар социалистік жарыста ұдайы алдыңғы қатарда келеді. Километрлік жүріс есебімен алғанда тапсырмаларын 125-130 процентпен кем орындамайды.

Петропавл станциясы вагоншыларының аға бақылаушы Курьянов жолдас басқарған комсомол-жастар сменасы социалистік жарыска қосылып, өндірістік тапсырманы мерзімінен бұрын орындауға міндеттенген еді. Бұл смена өздері алған көтеріңкі міндеттемелеріне лайық еңбек етіп те жүр. Смена жұмысты тез және мінсіз істейді. Ол август айында 211 вагонды ағытпай күрделі жөндеуден өткізді.

Сменада комсомолецтер мен жастардан еңбек озаттары көп. Олардың ішінен, әсресе, слесарь-автоматшылар Квардакова, Полянский, токарь Люков, ағаш шебері Варакин жолдастардың еңбегі ерекше атап айтарлықтай. Сменалық тапсырмаларын артығымен орындау бұлардың дағдылы ісіне айналуда.

Комсомолецтер мен жастар жұмыстың кай участогінде болсын ұлғілі істерімен көзге түседі. Петропавлдың проводниктер резервінің комсомол- жастар бригадасы жолаушыларды жақсы қамтиды. Клишина, Болькина, Осташко жолдастар жолаушыларды мінсіз қамтып, таңдаулы проводниктер деген атаққа ие болды.

Комсомол ұйымдары социалистік жарыска басшылықты мұнан да гөрі жақсартып, еңбекті дұрыс ұйымдастыра білсе, комсомолецтер мен жастардың өндірістегі табыстары көзіргіден де зор болар еді. Амал не, темір жол бөлімшесінің кейбір комсомол ұйымдары комсомолецтер мен жастардың социалистік жарысына жеткілікті басшылық жасай алмай келеді. Олардың өндірістік процестерін жетілдіріп, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстары мен тілектерін кезінде қолдап отырмайды. Мұның өзі жұмыстың кейбір участоктерінде еңбек өнімділігінің кемуіне, акауға жол берілуіне, өндірістік тапсырмалардың орындалмауына әкеліп соқтыр. Петропавл станциясы

Ұлы Октябрь мерекесі құрметіндегі социалистік жарыс

☆ ☆ ☆ ☆

Бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау күресінде

Петропавл темір жол бөлімшесінің комсомолецтері мен жастары бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыска қызу ұштасып, поездардың хауіпсіз жүруін және жүктің уақытылы тасылуын қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етуде.

Көзіргі уақытта Петропавл паровоз депосында 70-тен астам комсомолецтер бесінші бесжылдықтағы тапсырмаларын толық орындап шықты. Паровоз депосында еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүрген комсомолецтер мен жастар көптен саналады. Машинист-нұсқаушы Николай Лесков басқарған комсомол- жастар колоннасы жұмысты айдан-айға жақсы істеп, жоғары көрсеткіштерге жетуде. Бұл колоннаның мүшелері биыл бесінші бесжылдықтың ақырғы жылы —1955 жылдың есебіне жұмыс істеп келеді. Колоннаның таңдаулы машинистері Кодубинский, Локонов, Трибунский. Гончаров, машинистердің көмекшілері Горченко, Приходько жолдастар сменалық жұмыс нормаларын ұдайы артығымен орындайды. Аға машинист, комсомол мүшесі Яшнин жолдас басқарған бригада соңғы екі ай бойына депода алдыңғы қатарда шықты.

Депода комплексті бригадалар арасында паровоз жөндеудің озат әдістерін қолдану барған сайын кеңінен ұйымдастырылуда. Паровозды жыйн жөндейтін комплексті бригадалардың ішінде Денисов жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасы үздік көзге түсті. Бұл бригада паровоздың жөндеуде тұру уақытын едәуір қысқартты. Бригаданың жөндеген паровоздары тек қана жақсы бағамен қабылданады. Бригадада комсомолец-слесарьлар Терлецкий, Жильцов, Сахно, Зыков жолдастар күн сайын мінсіз жұмыс істейді.

Комсомолецтер мен жастар еңбек озаттары болумен бірге өндіріс процестерін жетілдіру, озат әдістерді батыл қолдану жөнінде де басқаларға үлгі боларлық жұмыстар істеуде. Инженер-комсомолец Клименко жолдас паровозды көтерме жөндеуден өткізуді жақсарту және оның мерзімін қысқарту жөнінде бірнеше бағалы ұсыныстар енгізді. Оның бұл ұсыныстары көзір айтарлықтай нәтиже беріп отыр.

Паровоз депосында металл өңдеудің озат әдістерін өндіріске қолданушылардың

Мал қыстатуды тыңғылықты әзірлікпен қарсы аламыз

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы колхоздар мен совхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің нақтылы жолдарын көрсетіп берді. Бұл қаулыны мүлтіксіз жүзеге асыру колхоздарды ұйымдық- шаруашылық жағынан нығайта береді. Малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттырады. Егіншіліктің мәдениетін көтереді. Сөйтіп, халқымызды азық-түлікпен, жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етеді. Сондықтан да біздің колхоздың колхозшылары партиямыздың бұл қарарын жүзеге асыруға барлық күш-мүмкіншіліктерді жұмыдыруда.

Мал шаруашылығын өркендетудегі ең жауапты кезең—мал қыстату болып есептеледі. Бұл маусымның басталуына көп уақыт қалған жоқ. Мұның өзі әрбір колхоздан, совхоздан қысқы маусымға әзірлікті тез арақтауды талап етеді. Демек, малдың барлық түлігінің күзгілы жемшөппен, ауасы кең, жылы, жарық мал қоралармен қамтамасыз етілуін керек қылады.

Біздің фермаңың мал өсірушілері мал қыстату маусымына әзірлікті ерте күннен қолға алды. Өйткені, олар мал қыстату маусымына ұлғілі әзірленбейінше мал шаруашылығын өркендетуге болмайтындығын жақсы біледі. Мал өсіру, оның өнімділігін арттыру жөніндегі жоспарларын орындалуы да осы маусымның ұлғілі өтуіне тығыз байланысты екенін де жақсы түсінеді.

Көзір біздің фермада 3 мың центнерден астам жабайы жемшөп дайындалды. Сол сияқты, 1300 центнер концентрат, 300 центнер сұлы әзірледік. Осы кезде мал азығындық қызылша жыйнау жұмыстары қызу жүргізілуде. Бұдан 4 мың центнерден астам қызылша алынады. Осының барлығы фермадағы малдарды қыс бойы азықтандыруға толық жетеді.

Құнарлы және әртүрлі азықтың мол болуы сыйырлардан алынатын сүттің көп болуына және малдың қыстан қоңды шығуына жағдай жасайтынын біз өз тәжрибемізден көріп келеміз. Мал өсірушілердің ерекше көңіл бөлетін мәселелерінің бірі —малды қорамен жабдықтау дедік. Біз осыны ескере отырып, быйыл барлық малды қоралармен қамтамасыз етіп отырмыз. Жөндеуден өткізілуге тиіс қоралардың барлығы жөнделді. Жаңадан тағы да бір қора салып жатырмыз.

Колхозшылар мал қыстату маусымын ұлғілі өткізу арқылы жыл сайын елеулі табыстарға ие болып келеді. Өткен жылға қарағанда фермада мал саны 15 процент арттырылды. Аналық мал жылдан-жылға көбейіп келеді. Тек сауын сыйырлардың өзі тана 190 басқа жетті.

Мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөнінде де бірқатар жұмыс істедік. Өткен 8 айдың ішінде әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1349 литрден сүт алынды. Ал, озат сауыншылар бұдан да зор табыстарға ие болып отыр. Мысалы, А. Гускова жолдас өзіне бекітіліп берілген 14 сыйырдың әрқайсысынан 1485 литр сүт алды. Осы сыяқты озаттардың адал еңбегінің нәтижесінде колхоз мемлекетке сүт тапсыру жоспарын 20 сентябрьде орындап шықты.

Быйыл сыйыр малы фермасындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстардың көбі механикаландырылады. Мал суару жұмысы жел двигателі күшімен жүргізілетін болады. Бұдан басқа фермада екі азық буландырғыш және бір шөп тұрағыш жұмыс істейді. Мұның өзі ондаған адамдарды бұл жұмыстан босатып, оларды шаруашылықтың басқа саласына пайдалануға мүмкіншілік береді.

Біз мал қыстату маусымына осылайша барлық жағынан тыңғылықты әзірленудеміз. Осының барлығы мал қыстату маусымының ұйымшылдықпен өтуін, малдың қыстан қоңды болып шығуын, олардан алынатын өнімнің мол болуын қамтамасыз етеді.

Ендігі мақсатымыз —Ұлы Октябрь мерекесі құрметіндегі жарыс күндерінде мал қыстату маусымына ұлғілі әзірлену арқылы қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөнінде партиямыз бен үкметімізің алға қойған міндеттерін мінсіз жүзеге асыру.

Ф. БОНДАРЬ,

Булаев ауданы, «Гигант» колхозының сыйыр малы фермасының меңгерушісі.

мен жүр. Осының салдарынан аталған аудандарда мал басын өсіру және мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі тапсырмалар орындалмай отыр.

Ал, бізде малдың санын көбейтуге, мал тұқымын асылдандыруға, мал шаруашылығынан өнімді көп алып, бұл жөнінен колхоздар мен совхоздарға көп кіріс-кіргізуге мүмкіншілік бар ма? Әрине, бар. Мәселен, Мамлют совхозының сауыншылары өткен жылы әрбір сауын сыйырдан 3807 литрден сүт саууға жетісті. Осы совхоздағы «Мудрая» атты сыйырдан өткен жылы 6100 литр сүт алынды. Үстіміздегі жылдың 215 күнінде сол сыйырдан 5811 литр сүт сауылып отыр.

Мұндай табысқа совхоз мал өсірушілері қалай жетті? Олар алдымен, малды жаз күндері шөбі шүйгін жайылымдарға бақты, қыс күндері құнарлы жемшөппен қамтамасыз етіп, жайлы қораларда күтті. Жыл сайын малдың тұқымын асылдандыру жұмысымен шұғылданды. Мал шаруашылығына ғылымның табыстарын, озаттардың тәжірибелерін кеңінен енгізе білді. Амал не, мал шаруашылығын өркендету жөніндегі бұл сияқты тамаша нәтижелер облыстың көп колхоздары мен совхоздарында болмай келеді. Облыстың колхоздары мен совхоздарының егін шаруашылығында, әсересе, картоп, овощь егістерінің көлемін ұлғайту, оның өнімділігін арттыру ісінде де елеулі кемшіліктер бар. Колхоздар мен совхоздардың егінге деген жерінің молдығына, ол жерлердің құнарлылығына қарағанда егіннен өнімді ойдағыдай алуға болар еді. Өткен жылы көктемгі егіске ең жақсы жерлерді молдайындап алған Соколов ауданындағы Будённый атындағы колхоздың колхозшылары быйыл дәнді дақылдың әрбір гектарынан 14—15 центнерден, ал, осы колхоздағы П. Ягодин жолдас басқарған бригаданың мүшелері жаздық бидайдың гектарынан 30 центнерден өнім алды. Сол сияқты, Полудень ауданындағы Сталин атындағы колхоздың колхозшылары кар-

[illegible] жүргізіледі. Мұндай фактілерді Совет ауданының партия ұйымынан кездестіруге болады. Совет аудандық партия комитеті колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға нақтылы басшылық жасамай келеді. Аудандық комитет бастауыш партия ұйымдарының шаруашылыққа басшылығын бүгінгі талапқа сай күшейте және коммунистердің өндірістегі ролін арттыра алмай отыр. Міне, сондықтан да ауданда бірде-бір шаруашылық науқандары кезінде орындалмайды.

Ауыл шаруашылығын мықтап өркендету жөнінде Коммунистік партия мен Совет Үкметі белгілеп отырған ірі-ірі шараларды бұлжытпай жүзеге асыру үшін облыстың жергілікті партия, совет ұйымдары колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға байыптылықпен, нақтылы басшылық етіп отыруға міндетті. Олар колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың жұмысының егжей-тегжейіне дейін жете білуге тиіс, сонымен қатар, мал және егін шаруашылығын барынша тез өркендету үшін әрбір колхоз бен совхоздағы резервтерді пайдалану жөнінде нақтылы шаралар қолдануға тиіс.

Облысымыздың партия ұйымдары алдында орасан зор міндеттер тұр. Партия ұйымдары еңбекшілер арасындағы ұйымдастыру және саяси-бұқаралық жұмыстарын кең өрістете отырып, мал қыстатуға әзірлікті барлық жағынан тыңғылықты аяқтау, зябь жырту жөніндегі тапсырмаларды толық орындау және келесі жылдың егісіне қажетті тұқымды жеткілікті мөлшерде құю, оны тазарту жұмыстарын ойдағыдай орындауды ұйымдастырулары керек.

Облысымызда ауыл шаруашылығын барлық жағынан өркендете беруге мүмкіншілік жеткілікті. Партия ұйымдарының міндеті — барлық мүмкіншіліктерді толық пайдалану арқылы мал және егін шаруашылығын өркендетуде жаңа табыстарға жетуді, сөйтіп, сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерді бұлжытпай жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

[illegible] шінде комсомолецтер мен жастар да бар. Мәселен, токарлар, комсомолецтер Сизиков және Некрасов жолдастар метлды шашпан және қалың кесу әдістерін кеңінен қолданушылар. Өздерінің жұмыстарында мұндай озат әдістерді қолдану нәтижесінде аталған токарлар еңбекте күн сайын жоғары өнім береді. Сизиков және Некрасов жолдастар Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесі құрметіндегі жарыска қызу ұштаса отырып, сменалық тапсырмаларын 3—4 есеге дейін асыра орындайды.

Бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыска кондукторлар резервінің комсомол-жастар коллективі де қызу ұштасты. Сальков жолдас басқарған бұл комсомол-жастар колоннасы сменалық нормаларын үнемі артығымен орындап, Ұлы мерекете өздерінің лайықты өндірістік

—2, ПЧСТР—2 комсомол ұйымдарының жұмысында үлкен кемшіліктер бар. Бұл ұйымдар комсомолецтер мен жастардың өндірістік белсенділігін арттырып, еңбек ұйымдастыру ісін жақсарту мәселелерімен жеткіліксіз шұғылданады. Бұл өндірістік жоспардың орындалуына кері әсер етіп отыр.

Сөз жоқ, темір жол бөлімшесі комсомол ұйымдары өзінің жұмысындағы мұндай кемшіліктерді тез жойып, комсомолецтер мен жастардың бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресін тыңғылықты ұйымдастырады, сөйтіп, жаңа зор өндірістік табыстарға жете беруді қамтамасыз етеді.

В. ПЕВКИН,

Петропавл темір жол бөлімшесі саяси бөлімі бастығының комсомол жұмысы жөніндегі көмекшісі.

ЕСЕЛЕГЕН ҚАРҚЫНМЕН

Күбайбергенов Зәмзе бірнеше жылдан бері Ленин ауданындағы «Бұлақ» ауылшаруашылық артелінде етікші болып жұмыс істеп келеді. Жасының 60-тан асқанына қарамастан ол артель шаруашылығын өркендетуге өз үлесін қосуда. Зәмзе ауыл адамдарының құрмет-көшеметіне бөленген. Ол мұндай зор сенімге жұрт сүйінерліктей қажырлы еңбегінің арқасында ие болды.

Зәмзе қарт колхозшылар мен механизаторлардың аяқкиімдерін деркезінде жөндеп отырады. Ол бүтінделген аяқкиімдердің жақсы сапада болуына да ерекше көңіл бөледі. Артель басқармасы үлгілі еңбеті үшін оған талай рет бағалы сыйлықтар берді. Зәмзе әлі тың, қарттық оның жігерін мұқата алар емес.

— Қазір совет халқы Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын ойдағыдай жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етуде. Және олар Ұлы Октябрь революциясының 36 жылдық мерекесін лайықты табыстармен қарсы алу үшін социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, оған көрнекті тартулар әзірлеуде. Мен де өзімнің адал еңбегіммен артельдің қоғамдық дәулетін арттыра беру ісіне күш-мүмкіншілігімді жұмсап келемін. Бұдан былай да жұмсай беруге міндеттенемін, —дейді қарт.

М. ӘЛИЕВ.

Туған елімізде

Жаңа тамақ өнеркәсіп орындары

ТБИЛИСИ, 15 октябрь. (СОТА). Грузияда жаңадан тамақ өнеркәсіп орындарын салу және ескілерін кеңейту жөнінде үлкен жұмыстар жүргізілуде. Республиканың ең ірі субтропикалық аудандары—Колулетс, Махарадзе, Гечкор, Гальск және басқаларында жаңа шай фабрикалары салынуда. 25 чай фабрикасының құрылыс жұмыстары басталды.

Грузияның азық-түлік өнеркәсібінің ең көрнекті тарауларының бірі-арақ-шарап өнеркәсібі едәуір ұлғаюда. Тбилиси жанындағы Авчалада республикадағы ең ірі коньяк заводының құрылысы жүріп жатыр. Завод жылына 200 мың гектолитр коньяк беретін болады. Мұнда жоғары сапалы жүзім шараптарын шығаратын үлкен завод салынып жатыр. Жаңадан жүзім өсіруші совхоздар құрылып, бұрынғы ірі совхоздар қайтадан ұлғайтылуда.

Нан және кондитер тағамдарының өнеркәсібі жаңа кәсіпорындарымен байытылуда. Грузияның астанасында кондитер тағамдарының фабрикасы салынуда. Бұл фабрика жылына 12,5 мың тонна кондитер тағамдарын шығаратын болады.

Волейбол жөніндегі селолық физкультурашылардың бүкілодақтық жарыстары

ОДЕССА, 18 октябрь. (СОТА). Бүгін мұнда волейбол жөніндегі селолық физкультурашылардың бүкілодақтық екінші жарыстары аяқталды. Жарыстарға одақтас республикалардан ерлердің 14 және әйелдердің 11 командалары қатысты.

7 күнге созылған қажырлы күрестерден кейін бірінші орынды былтырғы жылдың чемпионы —Латвия командасы жеңіп алды, екінші орынға Эстония волейболшылары, үшінші орынға Россия Федерациясы шықты.

Әйелдер командаларының ішінде волейбол жөніндегі селолық физкультурашылардың чемпионы атағын Эстонияның спортшы әйелдері жеңіп алды. Екінші орында Литва командасы, үшінші орында—Қазақ ССР-нің командасы.

Жеңген командаларға ауыспалы жүлде және дипломдар берілді.

Карель мойнағындағы колхоздардағы тұрғын үйлер құрылысы

ЛЕНИНГРАД. Кәсіпшілік кооперациясының облыстық басқармасы Карель мойнағындағы колхоздар үшін тұрғын үйлер құрылысының жоспарын мерзімінен екіжарым ай бұрын орындады.

Жаңадан салынған үйлерге колхоздарға келіп жатқан ауыл шаруашылығының мамандары, трактершылар және басқалары орналасатын болады.

Карель мойнағы колхоздарының тұрын үйлер құрылысына көмек ретінде облыстық 13 үйым көмек көрсетуде. Ол ұйымдар жалпы көлемі 20 мың текше метрлік 404 үй салып, пайдалануға берді. Мұнан басқа кәзір 400-деи астам үйлер салынып жатыр, олар үстіміздегі жылы пайдалануға беріледі.

16 октябрь. (СОТА).

Измаиль облысы. Кили ауданының «Путь Ленина» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары қоғамдық мал үшін жемшөп қорын жасау жұмысына зор көңіл бөлуде.

СУРЕТТЕ: малазығындық картопты қоймаға салар алдында іріктеу.

(СОТА-ның фотохроникасы).

Иванов облысы. Шуйск ауданының Сталин атындағы колхозының жоғары өнімді овощь өсірумен даңқы шықты.

СУРЕТТЕ: картоп қазғыш ТЭК—2 мен сәбіздерді қазу.

(СОТА-ның фотохроникасы).

КБОС Президиумында

КӘСІПОДАҚТАР МҮШЕЛЕРІНІҢ АЙ САЙЫН ТӨЛЕЙТІН МҮШЕЛІК ЖАРНАЛАРЫ ТУРАЛЫ

КБОС Президиумы кәсіподақтар мүшелерінің ай сайын төлейтін мүшелік жарналары туралы қаулы қабылдады. Онда жұмысшылар мен қызметшілердің материалдық тұрмыс дәрежесінің жақсаруы, совет сомы құнының артуы және кәсіподақтардың финакс жағдайының нығаюы кәсіподақтардың мүшелік жарналарының мөлшерін кемітуге мүмкіншілік беріп отырғандығы атап көрсетілген. Осыған байланысты КБОС Президиумы 1953 жылдың 1 ноябрінен бастап, кәсіподақтар мүшелері ай сайын төлейтін мүшелік жарналарды төмендегі мөлшерде тағайындады: 500 сомға дейін еңбекақы (стипендия) алатындар еңбекақысының әрбір толық 100 сомына 50 тыйынынан; 501 сомнан 600 сомға дейін —4 сом; 601 сомнан 700 сомға дейін —5 сом; 700 сомнан жоғары —1 процеттен төлейді.

Фабрика-завод және жергілікті комитеттерге мүшелік жарналардың жаңа мөлшерімен кәсіподақтардың барлық мүшелерін тез арада таныстыруға ұсынылды.

Кәсіподақтар органдарының басшыларына кәсіподақтар мүшелерінің өскен белсенділігін және инициативасын пайдалана отырып, кәсіподақтар қаражаттарын ұстауға бұрынғыдан да сақтықпен қарауға, әкімшілік-шаруашылық шығындарын және кәсіподақтар органдарының штаттарын қысқартуға жетісуге тапсырды. Кәсіподақтар ұйымдары мұнан былай да ақша қаражаттарының көпшілігін мәдени-бұқаралық жұмысты жүргізуге, физкультура мен спортты дамытуға, кәсіподақтар мүшелеріне көмектер көрсетуге жұмсауға міндетті.

КБОС Президиумы кәсіподақтар ұйымдарын бұқаралық-тәрбие және ағарту жұмысын күшейтуге, барлық жұмысшылар мен қызметшілерді кәсіподақтарға тартуға міндеттеді.

(СОТА).

АЛЫС СОЛТҮСТІКТЕ САУДА ОРЫНДАРЫНЫҢ КӨБЕЮІ

ЛАВРЕНТИЙ БУХТАСЫ (Хабаровск өлкесі), 15 октябрь. (СОТА). Чукот ауданы, Лаврентий селосында жаңа магазин ашылды. Магазинде жүн, жібек, штапель маталары, даяр көйлек, кілемдер, аяқкиім, қол сағат, мақта-мата бұйымдары көп.

ТІГУЛІ КИІМДЕРДІ КӨПТЕП ШЫҒАРУ

ТАШКЕНТ. Өзбекстанда Ташкенттің «Красная заря» тігін фабрикасының коллективі Октябрь мерекесі алдындағы жарысқа қатысушылардың алдыңғы қатарында келеді. Фабрика өнімнің санын молайтып және оның сапасын жақсартуға міндеттеме алды. Октябрь айының өзінде-ақ жоспардан тыс жүз мыңдаған сом тігін өнімдерін шығарды.

Қазақстан КП облыстық комитетінің VI пленумы

Қазақстан КП облыстық комитетінің VI пленумы болып өтті. Пленум «СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы және облыс партия ұйымының міндеттері жөнінде» облыстық партия комитетінің секретары **Н. С. Бобров** жолдастың баяндамасын тыңдап, талқылады.

Баяндамашы және жарыссөзде шығып сөйлеуші жолдастар Коммунистік партия мен Совет Үкметінің Қазақстанға көрсетіп отырған күнбе-күнгі көмегі арқасында облыс ауыл шаруашылығын өркендетуде белгілі дәрежеде табыстарға қол жеткендігін атап көрсетті.

Соғыстан бұрынғымен салыстырғанда ірі қара мал басы 63.5 процент, оның ішінде сиырлардың саны екі есе дерлік артты. Осы мерзім ішінде қой саны 56.8 процент және шошқа — 56,8 процент өсті. Малдардың тұқымы асылданып, оның өнімділігі арта түсті.

Қоғамдық мал басының өсуімен қатар мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру да ұлғайды.

Баяндамашы және жарыссөзде шығып сөйлеуші жолдастар сонымен бірге облыстың ауыл шаруашылығы әлі де баяу өркендеп отырғандығын айтып, облыстық партия комитеті, облыстық Совет атқару комитеті, облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасы, аудандық партия комитеттері мен Совет атқару комитеттері тарапынан ауыл шаруашылығына басшылық жасаудағы елеулі кемшіліктер мен қателіктердің бетін ашты. Облыста мал шаруашылығы мейлінше артта қалып келеді. Өлім-жітімге ұшырау және талан-таражға салыну салдарынан жыл сайын көптеген бас мал шығынға ұшырауда. Қоғамдық мал шаруашылығы үшін жеткілікті дәрежеде жемшөп қоры жасалмаған. Қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігі төмен. Егіншілік мәдениетін ойдағыдай арттырмау салдарынан көптеген колхоздар дәнді дақылдан, картоп пен овощтан төмен өнім алуда. Шаршы-ұялап егу әдісі жете бағаланбай келеді.

Облыстың машина-трактор станциялары өз қарауларындағы қуатты ауылшаруашылық техникасын нашар пайдалануда, машиналардың өнімді жұмыс істемей, көп босқа тұруына жол беруде, олар егіс жұмыстарын агротехникалық талапқа сай жүргізбейді, колхоздармен жасасқан шарттарын ойдағыдай орындамайды. Машина-трактор станциялары жемшөп өндіру, мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жұмысымен мейлінше нашар шұғылданып келеді.

Полудень аудандық партия комитетінің секретары **Камалетдинов** жолдас өзінің сөзін ауданда жемшөп қорын жасау мәселесіне арнады. Алдыңғы қатарлы колхоздардың тәжрибесі судан шөбінің көп өнім беретіндігін көрсетіп отыр. Аудандық партия комитеті мен Совет атқару комитеті аудан колхоздарында бұл шөпті көп егу мәселесін қолға алды. Көптеген колхоздардың председательдері судан шөбінің тұқымын дайындау жөнінде көмек көрсетіп [illegible] Мал өсірушілер арасындағы саяси-бұқаралық жұмысты өрістету мақсатымен әрбір фермада қызыл мүйістер ұйымдастырылуда. Аудан колхоздарында социалистік жарыс өрістей түсті. Егіс көлемін ұлғайту және дәнді дақылдың әрбір гектарынан орта есеппен 15 центнерден, картоптың гектарынан 105 центнерден өнім алу қарастырылып отыр.

Плевако жолдас ауыл шаруашылығына мамандар жіберу ісін баяу ұйымдастырып отырғандығы үшін кейбір облыстық және қалалық ұйымдарды сынады.

Мұнымен бірге, ол түпкірдегі пункттерден астық тасу жұмысының мейлінше нашар жағдайда екендігін айтты. Колхоздардың қырмандарында көп астық жатыр, олардың бүлінуі хауіпі бар. Бұған облыстық ұйымдар да кінәлі. Жабық қырмандар мен астық қоймаларын салу үшін ағаш босату жөнінде облыстық ұйымдардың алдына әлде неше рет мәселе қойылды. Бірақ, бұл мәселе шешілмей қалды.

Ленин атындағы МТС-тің директоры **Супрунюк** жолдас өзі басқарып отырған МТС-тің барлық мүмкіншіліктер мен ішкі қорларды толық пайдаланбай отырғанды тын, осының салдарынан быйылғы жылы егістік жердің жартысына жуығы көктемде жыртылғандығын айтты. Рас, МТС көп жұмыстар істеді, бірақ, колхоздардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру мәселесімен мүлде нашар шұғылданды. Көзір зябь жырту жұмысы да мейлінше баяу жүргізілуде. Мұның бір себебі — трактор парктерінің еңбек өнімділігі төмен, машиналардың босқа тұруы көп кездеседі.

—Біздің есебіміз бойынша,—деді ол,— МТС қамтуындағы колхоздарда 56 механизатор өз мамандықтары бойынша жұмыс істемей жүр. Аудандық партия комитеті ондай мамандарды колхоздарда МТС-терге қайтару жөнінде бізге әлі күнге дейін көмек көрсетпей келеді. Қайта біздің МТС-тегі тәндаулы бригадирлерінің бірі Михайленко жолдасты аудандық комитет басқа жұмыска жіберді.

МТС-тің жөндеу мастерскойы машиналарды жөндеу жөніндегі талаптарға сай емес. Ондағы жабдықтардың барлығы ескі. МТС- тің құрылыстары әр жерге орналасқан. Бізде тракторшылар үшін жатақхана, көшпілік жұмыстарын жүргізетін орын жоқ. Облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасы бұл мәселелер жөнінде бізге нақтылы көмек көрсетуге тиіс.

Мұнымен бірге, МТС коллективін киномен қамту да нашар жолға қойылғандығын айту керек. Біз ғылым мен техника табыстарын, ауыл шаруашылығы озаттарының тәжрибелерін баяндайтын фильмдерді көптен көрген емеспіз. Облыстық мәдениет басқармасының ауыл- село зрительдері жөнінде көбірек қамқорлық жасағаны жөн.

Ленин механизация мектебінің директоры **Исабеков** жолдас МТС- тер үшін кадрлар даярлайтын бұл мектептің жұмыс жағдайының қанағаттанғысыз екендігін айтты. Мектептің үйі тар, бар үйдің өзінің тозығы жеткен. Мектепке оқушылар алу жоспары үстіміздегі жылы [illegible] шөптердің барлық алаңын екі рет шабуға, олардың шығымдылығын шұғыл арттыруға жетісуіміз керек.

Облысымыздың колхоздары қажетті жағдайлардың болуына қарамастан сурленетін дақылдар мен жемшөптік жеміс тамырлы дақылдар егуді ұлғайта алмай келеді.

Күтімнің нашар болу салдарынан егілген жеміс тамырлы дақылдардың біразы шықпай қалды, ал, өсіп жетілгендерінің өзінің өнімі мүлде төмен болды.

Бұдан кейін Оспанов жолдас алдымыздағы мал қыстату маусымына әзірліктің жайы қанағаттанғысыз екендігі жөнінде айтты. Ол кейбір аудан басшыларының бұл іс үшін өз жауапкершіліктерін жете ұғынбайтындығын атап көрсетті. Совет ауданының басшылары Пономарев және Живулина жолдастар мал қыстату жөнінде қамқорлық жасамай, ауданда мал қыстатуға әзірлік жұмысының ойсырағанын елқылыққа ұшырап отырғандығын сезінбей отыр. Бұл ауданның басшылары жұмыста бақылаусыздыққа жол беріп, өткен жылдардың өрескел қателіктерін быйыл да қайталауда.

Алдымыздағы мал қыстатуға әзірлік Приешім ауданында да мейлінше нашар жағдайда.

Оспанов жолдас өзінің сөзінің соңында жемшөптің берік қорын жасау және алдымыздағы мал қыстату маусымына тыңғылықты әзірлену жөнінде алда тұрған міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін шараларға тоқталды.

Пленумға қатысушылар Преснов ауданындағы Маленков атындағы колхоздың председателі **Кухаренко** жолдастың сөзін зер сала тыңдады. Ол былай деді:

— Бүкіл совет халқы сияқты біздің ауылшаруашылық артелінің колхозшылары да СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын қуанышпен қарсы алды. Біз ол тарихи қаулыда көрсетілген міндеттерді көзірдің өзінде орындай бастадық. Егін жыйнауды мерзімінен бұрын аяқтап, астық дайындау жоспарын толық орындадық. Тұқымды жеткілікті құйып, сақтық қорын жасадық.

Колхозшылардың жыл бойғы қажырлы еңбегі өзінің игі нәтижесін беруде. Бұл жоғарыда көрсетілген табыстармен бірге мыналардан да айқын көрінеді: біз быйыл мемлекетке 2 мың центнер астық сатамыз, колхозшылардың еңбеккүндеріне көп астық бердік.

Көзір колхозда мал қыстатуға әзірлік аяқталуға жуық, 300 бас төлге арнап қора салдық, мұнымен бірге фермада малшылар үшін үй салынды.

Алайда, жұмыстағы кейбір кемшіліктерді де жасыра алмаймын. Бізде зябь жырту жоспары әлі орындалған жоқ. Бұған бізді қамтыйтын Преснов МТС де кінәлі. Бұл МТС басшыларының жұмысты шалағай ұйымдастыруы салдарынан тракторлар жұмысты бір-ақ сменада ғана істейді, сейтіп, уақытын көбін босқа өткізеді. Бөлшектердің жеткіліксіздігінен көп машиналар босқа тұрады.

[illegible] міндет —ең таяудағы мерзімде бұл салада артта қалушылықты жою міндеті тұр.

Ауыл шаруашылығында артта қалушылықты жою жөнінде біз жұмысты әлі де мүлде аз істегендігіміздің мойындауымыз керек. Мұның үстіне біздің кейбіреулерімізге облыс партия ұйымының алдына қойылып отырған мәселенің мәнін терең түсіне де білмеген. Бұған осы пленумда сөйлеген кейбір жауапты жолдастардың сөзі айқын дәлел. Пленумда сөз сөйлеген Петропавл аудандық Совет атқомінің председателі Ыбыраев жолдас қайдағы бір табыстар жөнінде даурыға сөйлеп, тоқмейілсіді. Ал, шынында Петропавл ауданы қотамдық мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын жыл сайын орындай алмай келеді. Аудан колхоздарында мал шаруашылығының өнімділігі төмен. Олар мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарын орындай алмай жүр. Сол сияқты, Петропавл ауданының мал қыстату маусымын қанағаттанғысыз өткізіп, жыл сайын көп мал басын шығынға ұшыратып жүргендігі де мәлім.

Ниязбеков жолдас Преснов аудандық партия комитетінің секретары Долженко жолдастың облыстық партия комитеті мен басқа да облыстық ұйымдардың ауыл шаруашылығына басшылығы қанағаттанғысыздығын дұрыс сынағандығын мойындады. Бірақ, ол Долженко жолдастың сөзі саяси басшының сөзіне лайықты болып шықпағандығын атап көрсетті.

Преснов ауданы барлық ауылшаруашылық жұмыстарын ойдағыдай жүргізе алмай келеді. Тіпті бұл аудан дәнді дақылдар жыйнауды әлі аяқтаған жоқ, ауданда астық тапсыру жоспары әлі орындалмаған, сол сияқты, зябь жырту жоспары ауданда небары 29 процент қана орындалды. Жағдай осылай бола тұрса да Долженко жолдас астық дайындауды уақытында орындамағанмен мемлекетке тиісті астықты өйтеуір тапсырамыз той деп, жайбарақаттыққа салынады.

Ниязбеков жолдас бұдан кейін машина -трактор станцияларының жұмысын СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы талап еткен дәрежеге сай ұйымдастыру, МТС-терді маман кадрлармен толықтыру және ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында үгіт- бұқаралық жұмыстарды кең өрістету міндеттеріне тоқталды.

ККП облыстық комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс бөлімінің меңгерушісі **Шурова** жолдас әйелдер арасындағы саяси- тәрбие жұмысын жақсарту және әйелдерді басшы қызметтерге батыл жоғарылату жөнінде айтты. Біздің облысымызда ауыл шаруашылығында көптеген әйелдер жұмыс істеп жүр. Олардың көпшілігі қажырлылықпен еңбек етудің тамаша үлгілерін көрсетуде. Алайда, фактілер әйелдер арасында саяси-тәрбие жұмысының қанағаттанғысыз екендігін дәлелдейді.

Шурова жолдас аудандық партия комитеттерінің, аудандық Совет, атқомдерінің әйелдердің ойдағыдай жұмыс істеуіне жағдай туғызу жөнінде нашар қамқорлық

Приешімде сауда жұмысы нашар ұйымдастырылған

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің күнбе- күнгі туысқандық қамқорлығы арқасында ауыл-село еңбекшілерінің әл-ауқаты жақсарып, мәдени- тұрмыстық дәрежесі артып келеді. Олар өздерінің тұрғын селолары мен деревняларынан жібек, мебель, велосипед, тігулі киімдер және басқа қажетті товарларды сатып алғысы келеді. Ал, Приешім аудандық тұтынушылар одағы және оның жергілікті жерлердегі сауда орындары еңбекшілердің мұндай өскелең тілегіне сай жұмыс істей алып отыр ма? Міне енді соған тоқталайық.

Приешім ауданында 52 сауда орны бар. Бұлардың көпшілігі колхоздар мен совхоздарда және МТС-терде. Осы сауда орындарының қайсысынан болсын жұртшылықтың көп тұтынатын қажетті заттары сирек кездеседі. Әресе, тақта чай, папирос, махорка, қант, кондитер тағамдары өте тапшы. Осы аталған тағамдар мен заттарды тіпті аудан орталығындағы орталық магазиннің өзінде де табу қиын. Ал, магазинде бар товарлардың өзі ретімен дұрыс қойылмаған. Бірқатар товарларға баға нар қы да жазылмаған. Полкадағы шүберек буйымдарын сатушы шаң болып қалады деген «хауіпмен» олардың бетін қағазбен көлеңкелеп, жауып қойған. Ал, тұтынушылардың сатып алған вермишель, печенье, тұз тағы басқа заттарын орап алуына сатушы көбінесе «қағаз жоқ» деп жауап қайтарады.

Аудандық тұтынушылар одағының кенсесі орталық магазиннің дәл жанында. Тұтынушылар одағының председателі В. Любых және одақтың басқа қызметкерлері магазинге күніне бірнеше рет келеді. Пек астындағы осы магазиндегі кемшіліктер одақтың қызметкерлеріне көптен мәлім. Алайда одақтың басшылары оны жоюға бағытталған ешқандай нақты шаралар белгілемей отыр.

Жергілікті сауда орындарында да сауда жұмысының ұйымдастырылуы айтарлықтай емес. Ауыл -село магазиндеріне көпшілік тұтынатын қажетті товарлар деркезінде апарылмайды. Бірқатар дүкендер жөнделмеген үйлерге, ескі сарайларға орналастырылған. Бірінші май атындағы колхоздың дүкені төбесі тесік сарайда жұмыс істейді. Жауын болды- ақ шірік сарайдың төбесінен тамшы сауылдай бастайды. Қысқасы дүкен үйі пайдалануға жарамсыз.

Ново- Михайловка селолық тұтынушылар одағының қамтуындағы «Бостандық» колхозы дүкенінің жайы да дәл осындай. Мұнда да дүкен ескі сарайдың ішінде. Онда терезе де жоқ.

«Бостандық» колхозының дүкенінде Қаламқас Мүрсәлімова бірқатар уақыттан бері сатушы болып істеп келеді. Оның сатушы деген атағы ғана, әйтпесе, товар айналымын арттырудың қамын ойламайды. Дүкен көбінесе құлыптаулы тұрады. Кейде тіпті дүкенін жауып тастап, көрші колхоздардағы туыстарын аралап кететін әдеті де бар. Ол-ол ма, ол дүкенге келген товарларды көбіне тамыр-таныстарына жасырып береді. Оның халық алдындағы жауапкершілік сезімін ұмытқандығы сондай, мәдениетті совет саудасының тәртібін бұзып, дүкенді арақ ішетін орынға айналдырған.

—Товарларды бригада, ферма бастарына апарып тұрасыз ба, —деген сұраққа Мүрсәлімова:

—Жоқ, тасып жүргенде товарларды шаң басады.— деп жауап береді. Бұл жағдай Ново- Михайловка селолық тұтынушылар одағының председателі Родионов жолдаска көптен белгілі. Бірақ, Родионов жолдас күні бүгінге дейін Мүрсәлімоваға ескертіп, оны тәртіпке шақырған емес.

Аудандық тұтынушылар одағының қарамағындағы асхананың жұмысы да қанағаттанғысыз. Мұнда официантка адамдар отырған столға келіп, заказ қабылдамайды. Сол себепті әркім өзі барып, буфеттен арнаулы талон жаздырып алады.

Асхананың шағым кітабында жазылған еңбекшілердің тілектері мен арыздарына тұтынушылар одағының басшылары құлақ аспай келеді. Шағым кітабында асхана қызметшілерінің адамдармен дұрыс қарым- қатнас жасамауы және басқа дөрекі қылықтары жазылған. Аудандық тұтынушылар одағының председателі Б. Любых жолдас үстіміздегі жылы шағым кітабына жазылған еңбекшілердің бірде-бір арызын тексерген емес, оны жоюға бағытталған ешбір шара қолданған емес.

Сауда орындарындағы сауда жұмысының дұрыс ұйымдастырылмауынан, көпшілікке қажетті товарлардың кезінде жеткізілмеуінен бірінші, екінші, үшінші тоқсандық жоспарлар орындалмай қалды.

Приешім аудандық партия комитетінің басшылары ауданның сауда орындарындағы орын алып келген кемшіліктерді тезбе- тез жоюға, аудан еңбекшілерінің өскелең тілегін ойдағыдай қанағаттандыру үшін, товар айналымының жоспарын үнемі орындап отыруды қамтамасыз ету үшін сауда жұмысына партиялық бақылауды күшейтуге міндетті.

М. НҰРПЕЙІСОВ.

Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік үшінші Конгресінің құрметіне

Вена еңбекшілерінің демонстрациясы

ВЕНА, 17 октябрь. (**СОТА-ның арнаулы тілшісі**). Бүгін Венада кәсіподақтар- жолшылар, трамвай қызметкерлері өтуде. Бала көтерген әйелдер, карттар мен

...ауа өтіп жүр. Облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасы судан шөбінің тұқымын дайындап, колхоздарды бұл тұқыммен қажетті мөлшерде қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қолдануға тиіс. Сол сияқты, Камалетдинов жолдас жүгерінің де көп өнім беретіндігін айтты. Бұл дақылдың да тұқымын көп дайындау қажет.

Мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындауда қора-қопсыларды жақсы әзірлеудің де зор маңызы бар. Қысты күндері жемшөптің жетіспеуімен бірге жақсы салынған қоралардың болмауы салдарынан да бізде малдың шығыны болды. Мал қораларын салуда колхоздар кейбір елеулі қиындықтарға кездесуде. Колхоздарға әкелінген құрылыс материалдарының санасы төмен. Сауда ұйымдары колхоздардың құрылыс материалдары жөніндегі қажетін тиісті дәрежеде өтей алмай отыр. Облыстық партия комитеті мен Совет атқару комитеті бұл мәселемен жете шұғылданып, сауда ұйымдарының колхоздардың құрылыс материалдары жөніндегі қажетін өтеп отыруына жетісулері керек.

Сол сияқты, мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру міндеті нашар шешілуде. Бір мысал келтірейін. Полудень МТС-мен қатар орналасқан Сталин атындағы колхозда 283 сиыр бар. Әр сиырға 6 шелектен есептегенде күндіктан күн сайын 1700 шелек су тарту керек. Бұл көлмен істеуге өте ауыр жұмыс. Колхоз күндіктан су тартуды механикаландыру жөнінде МТС-тен әлде неше рет көмек сұрады. Бірақ, бұл жөнінде МТС колхозға әлі ешбір көмек көрсеткен жоқ.

—Біздің ауданымыздың еңбекшілері,— деді Ленин аудандық партия комитетінің секретары **Плевако** жолдас, —партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі қарарларын асқан зор қуанышпен қарсы алып, социалистік егін шаруашылығының еңбекшілеріне көрсетіп отырған қамқорлығы үшін партияға алғыс айтуда. Партия мен үкметтің қарарлары еңбекшілер бұқарасының саяси және өндірістік өрлеуін бұрынғыдан да арттыра түсті. Жыурда біздің ауданымызда көптеген партия ұйымдарында партия жиналыстары өтті, онда коммунистер колхоз активтерімен бірлесе отырып, сентябрь Пленумы қаулысының орындалу барысы туралы мәселелер талқылады.

Плевако жолдас «Земледелец» колхозы коммунистерінің артель шаруашылығын өркендету жөнінде қандай шаралар белгілегендігін айтты. Мұнда келесі жылы егіс көлемін 460 гектар арттыру, аудандастырылған сортты «Сменз», «Гордейформы» бидайы тұқымдарын егу қарастырылды. Бұл тұқымдар көзірдің өзінде толық құйылып алынды. Сол сияқты, картоп пен жеміс тамырлы дақылдарды шаршы- ұя әдісімен егу шаралары белгіленді. Көзір колхозшылар агрономдардың көмегімен шаршы-ұялап егу әдісін үйренуге кірісті.

Мал шаруашылығының жайын жақсарту мәселесіне жете назар аударылуда. ...ған жоқ. Көптеген аудандық партия комитеттері мен Совет атқару комитеттері, МТС директорлары мектепке оқушылар жіберу мәселесімен жеткіліксіз шұғылданады.

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитеті председателінің орынбасары **Калинин** жолдас өзінің сөзінде колхоздар да еңбектің нашар ұйымдастырылатыны жөнінде мысалдар, кейбір колхоз председательдерінің тілемсектікке салынатындығы жөнінде фактілер келтірді. Петропавл ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы (председателі Зиновьев жолдас) 35 гектар алаңдағы овощтың 13 гектарын жыйнады, оның 10 гектарын фельдшерлік-акушерлік мектептің коллективі, 2 гектарын теміржолшылар жыйнады, ал, колхозшылардың күшімен бұл овощтың бір гектары ғана жыйналды. Алайда, Петропавл ауданды Совет атқомінің председателі Ыбыраев жолдас осы пленумда сөйлеген сөзінде бұл колхозды алдыңғы қатарлы колхоз деп атап өтті.

Пленумда облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының жұмысы қатты сыналды.

— Облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының басшылары, —деді Петропавл аудандық партия комитетінің секретары **Қабдунасов** жолдас, —ауыл шаруашылығына нақтылы басшылық жасамайды, аудандардағы істің жайын қорытпай, кабинеттерінде отырып «басшылық жасаумен» әуестенеді. Олар колхоздарда окта- текте ғана болады, егер бола қалса, жергілікті жердегі жағдайды жете зерттемей, аз бөгеліп, кете барады, колхоздардың председательдеріне жұмыс көнінде нақтылы көмек көрсетпейді, кеңес бермейді.

Облыстық басқарма ауыл шаруашылығын механикаландыру мәселесімен әлі күнге дейін шын мәнінде шұғылданбай отыр.

Еңбекшілер депутаттары облыстық Совет атқару комитетінің председателі **Оспанов** жолдас былай деді:

—Облыста қажетті жемшөп қорының жасалмауы қоғамдық мал шаруашылығын ойдағыдай өркендету жолындағы негізгі кедергі болып отыр. Әрбір аудан және әрбір колхоз бойынша шабындықтарды жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеуіміз керек. Мұнымен бірге, облыстың көптеген колхоздары мен совхоздары шөп егу жұмысымен мүлде қанағаттанғысыз шұғылданатындығын да атап өткен жөн. Егілген көпжылдық шөптердің өнімі мүлде төмен. Мәселен, Булаев ауданының колхоздары 1952 жылы егілген әрбір гектар көпжылдық шөптен небары 5.4 центнер, ал, біржылдық шөптен 3.7 центнер өнім алды. Бұдан былайғы жерде біржылдық және көпжылдық шөптерді егу жұмысымен осыншама қанағаттанғысыз шұғылдануға болмайды. Біз шөп егілген шабындықтар көлемін 1955 жылы 165 мың гектарға дейін жеткізіп, оларды өсіру агротехникасын мүлтіксіз жүзеге асыруымыз керек. Сөйтіп, көпжылдық ...дың үш жыл бойы егілген шөптен өнім ала алмай келгендігін айтты. Мұның себебі мында: колхозға агрономиялық көмек көрсетілмейді. Бұдан кейін ол МТС-те жемшөп дайындайтын бригада ұйымдастыру қажет екендігі жөнінде мәселе көтерді.

Кухаренко жолдас колхоздардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөнінде МТС-тердің мүлде қанағаттанғысыз жұмыс істеп отырғандығын айтты. Сол сияқты, колхоздарды құрылыс материалдарымен жеткілікті қамтамасыз ете алмай отырғаны үшін сауда ұйымдарын сынады.

Мамлют аудандық партия комитетінің секретары **Закирченко** жолдас облыс колхоздарында жемшөп қорын нығайту үшін қандай зор мүмкіншіліктер бар екендігі жөнінде нақтылы мысалдар келтірді. Мамлют ауданының алдыңғы қатарлы колхоздарының тәжрибесі көрсеткендей, көпжылдық шөптер егілген жерді тырмалау олардың өнімін гектарына 7—8 центнерден арттырады. Мәселен, Вильямс атындағы колхоз 92 гектар алаңға егілген көпжылдық шөптің әрбір гектарынан 28 центнерден, ал, «Заря коммунизма» колхозы 29 центнерден өнім алды.

Совет аудандық партия комитетінің секретары **Пономарев** жолдас өзінің сөзінде шөп танапты ауыспалы егісті игеру жайының қанағаттанғысыз екендігіне тоқталды.

— Шынында біздің ауданның бірде-бір колхозы, —деді ол,—шөп танапты ауыспалы егісті игерген жоқ деуге болады. Ауыспалы егісті игеру біздің облысымыздың ауыл шаруашылығында ең артта қалып отырған участоктердің бірі.

Пономарев жолдас жемшөптік ауыспалы егісті игеру мерзімін қайта қарау жөнінде усыныс енгізді, бұл жұмысты тығыңлықты ұйымдастыру мал шаруашылығын жемшөппен қамтамасыз ету ісінде қосымша мүмкіншіліктер туғызатындығын айтты.

—СОКП Орталық Комитетінің қаулысы мен Хрущев жолдастың баяндамасында, —деді ККП облыстық комитетінің секретары **Ниязбеков** жолдас, — көзіргі кезеңдегі ауыл шаруашылығының жайына маркстік- лениндік тұрғыдан терең талдау жасалған, ауыл шаруашылығының кейбір аса маңызды салаларының артта қалуына әкелін соғыл отырған себептердің беті ашылған. Колхоздардың, совхоздар мен МТС- тердің жұмысындағы, оларға партия, совет органдары тарапынан басшылық ісіндегі кемшіліктердің беті ашылған. Мұнымен бірге, бұл документтерде кемшіліктерді жоюдың жолдары, ауыл шаруашылығын бұдан былай тез өркендетудің бағыты көрсетілген, ауыл шаруашылығындағы кезек күттірмейтін міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруды қамтамасыз ететін нақтылы шаралар белгіленген.

Біздің облысымыз ауыл шаруашылығы саласында артта қалған облыстардың бірінен саналады. Біздің партия ұйымыздың алдында жауапты және күрделі ...жіспен келе жатқандығын айтты. Көптеген колхоздарда балалар яслилері қолайсыз үйлерге орналастырылған.

Петропавл қалалық партия комитетінің секретары **Полипов** жолдас былай деді:

— Қала еңбекшілері біздің қаланың төңірегінде берік картоп -овощь базасын жасауға мүдделі. Алайда, қала төңірегіндегі аудандар, әсресе, Петропавл, Полудень, Приишім, Соколов, Мамлют және Совет аудандарының қалаға жақын тұратын колхоздары овощь шаруашылығымен бұрынғысындай нашар шұғылданып келеді.

Полипов жолдас колхоздардың сауын малының өнімділігін арттыру және шошқаларды семірту үшін керекті өнеркәсіптің тамақ қалдықтарының қалада көп екендігін, бірақ, осы қосымша мүмкіншіліктер колхоздардың мал азығындық базасы ретінде өте нашар пайдаланылатындығын атап көрсетті.

Қаланың партия ұйымдары қалада 600-ден астам ауыл шаруашылығы мамандары жұмыс істейтінін анықтады, бірақ, олардың ішінен 72 адам ғана МТС- тер мен колхоздарға жұмысқа бару жөнінде тілек білдіріп арыз берді. 57 адам жұмысқа бару үшін жолдама алды. Бұл патриоттық қозғалыс өнеркәсіп орындары, мекемелер мен ұйымдар басшылары тарапынан, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары тарапынан нақтылы қолдау табуға тиіс.

Алайда, бұл маңызды іске кейбір басшылар дұрыс қарамай келеді. Жылу электр орталығының және Киров атындағы заводтың басшылары деревняға жіберілетін жолдастарға 3 айлық еңбекақысы мөлшерінде берілуге тиісті акшалай көмекті бермей отыр.

Полипов жолдас қаланың өнеркәсіп орындары тарапынан колхоздарға көмекті күшейту қажеттігін айтты.

Сол сияқты, Преснов аудандық партия комитетінің секретары **Долженко**, Степной совхозының директоры **Морозов**, облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының бастығы **Омельяненко**, Соколов аудандық партия комитетінің секретары **Брикунов**, облыстық астық дайындау мекемесінің бастығы **Букат**, Омск темір жолы екінші бөлімшесінің бастығы **Еремин**, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылымдары Академиясының Қазақ филиалы президиумының председателі **Дауылбаев**, Петропавл аудандық Совет атқомінің председателі **Ыбыраев** жолдастар жарыссезде сөйледі.

Пленум қарар қабылдады, онда жол берілген кемшіліктерді тез жою жөнінде және облыс ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде практикалық шаралар белгіленді.

Облыс партия ұйымынан Г. Н. Максимов және А. С. Поцелуев жолдастардың басқа жаққа кетуіне байланысты пленум оларды облыстық партия комитетінің бюро мүшелері құрамынан шығарды. Пленум **И. П. Полипов** және **И. С. Белетченко** жолдастарды Қазақстан КП облыстық комитетінің бюро мүшелері етіп сайлады.

...дың Бүкіл дүниежүзілік үшінші Конгресінің құрметіне Австрия еңбекшілерінің демонстрациясы болды.

Күндізгі сағат 3-тен бастап қызыл тулар және транспоранттар көтерген демонстранттар Вена көшелерінің бойларымен Сталин алаңына қарай ағыла бастады. Осы алаңнан демонстранттар парламент үйіне беттеді. Мұнда демонстранттарды мінбеден Халықаралық кәсіподақтар қозғалысының басшылары Ди Виторио, Н. М. Шверник, Лю Нин-и, Ломбардо Толедано, Германия, Корея, Вьетнам, Чехословакия, Венгрия, Индия кәсіподақтарының басшылары Латын Америкасы елдерінің, Қара Африканың және Таяу Шығыстың делегаттары құттықтады.

Венаның жұмысшы аудандары—Флоридсдорф, Штадлау, Медлингтың колонналары бірінен соң бірі өтуде. Металшылар, машина жасаушылар, темір-жастар өтіп барады.

Демонстранттар көтеріп келе жатқан қызыл маталарға Бүкіл дүние жүзі жұмысшы табының өкілдері кәсіподақтардың Бүкіл Дүниежүзілік Конгресіне қатысушыларға құттықтау сөздер жазылған. Транспоранттарға «Бірлік, еңбек, бейбітшілік!», «Жалақыдан соғыс салығын өтеу жойылсын!», «Жастарға жұмыс берілсін!», «Қымбатшылықтың көтерілуін тоқтатыңдар!», «Соғыс құрылысы жойылсын!», «Батыс пен Шығыс арасында сауда қатынастары жасалсын!» деген Австрия еңбекшілерінің талаптары жазылған.

Демонстрация екі сағаттан артық уақытқа созылды. Бұл демонстрация бірліктің конгресі— кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік үшінші Конгресінің урандары Вена еңбекшілерінің арасында қызу қолдау тапқандығын көрсетті.

СОЛТҮСТІК-БАТЫС ВЬЕТНАМДА ФРАНЦУЗ ӘУЕ ДЕСАНТЫН ТАЛҚАНДАУ

ШАНХАЙ, 17 октябрь. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігінің хабарына қарағанда, 15 октябрьде Вьетнамның жоғарғы командованиесінің өкілі Лао-Кай (Солтүстік-Батыс Вьетнам) провинциясында француз әуе десантының түсірілуі жөнінде мәлімдеде жасаған.

3 октябрьде, деген өкіл, француз отаршылары Чя-Па және Лао-Кай таулы ауданында сентябрьдің аяғынан бері осы ауданда жасырынып жүрген жекелеген бүлдіргіш топтармен байланыс жасау үшін француз офицерінің басқаруымен 50-ден астам парашютистер түсірді.

Жерге түскеннен кейін парашютистер талау мақсатымен Кок-Леле (Лао -Кай провинциясы) қарсы кенегтен атакалар жасауға ниеттенді. Алайда, Вьетнам Халық армиясының территориялық бөлімдерінің тойтаруына кездесіп, батысқа қарай қашты. Көптеген өліктер және олар үшін француз әскерлері тастаған қару-жарақ және оқ-дәрілерін тастап кетті.

Октябрьдің 4-нен 6-на дейін Халық армиясының бөлімдері Кок-Ле және Чя-Па тас жолының бойында парашютистерге қарсы жаңадан атакалар жасап, оларды ауыр шығындарға ұшыратты. Душпан отрядының қалдықтары көзір сай-салаларда жасырынып жүр.

ФИЛИППИНДЕГІ ЖАППАЙ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

ШАНХАЙ, 17 октябрь. (СОТА). Маниль радиосының хабарына қарағанда, Филиппин еңбек министрлігі баяндама жариялап, онда Филиппинде жұмыссыздықтың көбеюі ең негізгі елеулі мәселелердің бірі болып отырғандығын мойындаған.

Баяндамада «Филиппиндегі халықтың тұрмыс дәрежесі мұнан 20 жыл бұрынғы уақыттан көзір әлде қайда төмен» екендігі атап көрсетіледі. Филиппинде, делінген баяндамада, 8 миллионға жуық толық немесе жартылай жұмыссыздар бар.

ТҮЗЕТУ

Газетіміздің өткен санының 1-бетіндегі «Жылдық жоспар орындалды» деген хабардың 1-абзацының соңғы сөйлемін: «Осының нәтижесінде 13 октябрьде МТС бойынша тракторлардың жылдық жұмыс жоспары толық орындалып» деп, онан әрі текст бойынша оқуды газет оқушылардан сұраймыз.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Кинолардағы

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КЕМЕЛЕР ҚАМАЛДАРҒА ШАБУЫЛ ЖАСАЙДЫ»

(«Адмирал Ушаковтың» 2-сериясы)

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҒАЖАП ДОСТЫҚ»

Сеанс сағат 4-те басталады.

«АКТРИСАНЫҢ ҚҰПЫЯСЫ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі—3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02033. Қазақ ССР, Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.